


**«Kazakhstan Bar Association»
Заң консультанттары палатасы
Мүшелерінің Жалпы жиналысының
2019 жылғы 2 тамыздағы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»**

**ҚР Өділет министрлігімен
«Келісілді»
(№9-3-22/8851-9 хат, 16.09.2019 ж.)**



КӨРСЕТІЛЕТІН ЗАҢ КӨМЕГІ САПАСЫНЫҢ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

Кіріспе.

Осы Көрсетілетін заң көмегі сапасының өлшемшарттарын (бұдан әрі – «**Сапа өлшемшарттары**») «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасы (бұдан әрі – «**Палата**») «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ Заңының (бұдан әрі – «**Заң**») және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларына сәйкес әзірледі және бекітті.

Осы Сапа өлшемшарттарының күші Палатаның барлық мүшелеріне таралады, Палатаның Жарғысы мен ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда қолданылады және Палатаның мүшелері көрсететін заң көмегінің сапасын Палата негізге алып бағалайтын көрсеткіштерді айқындайды.

1. Көрсетілетін заң көмегінің сапа өлшемшарттары

1.1. Палатаның мүшелері көрсететін заң көмегінің сапасын бағалау мына төмендегі өлшемшарттардың негізінде жүргізіледі:

- Палата бекіткен Заң көмегін көрсету стандарттарында айқындалған барлық стандарттардың, ережелердің, қағидалар мен талаптардың сақталуы;
- Палата мүшесінің Палата бекіткен Заң көмегін көрсету стандарттарын бұзуына байланысты оған тәртіптік жаза қолдану деректерінің болмауы;
- Палатаның мүшесі көрсеткен заң көмегі сапасыз деп танылған, заңды күшіне енген сот актілерінің болмауы;
- Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібі туралы ережеге сәйкес кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге қатысу.

2. Заң көмегінің сапасын бағалау органдары және тәртібі

2.1. Осы Сапа өлшемшарттарын Палатаның мына органдары өздерінің функциялары мен қызметін жүзеге асыру кезінде қолданады:

- Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссия («**Бақылау жөніндегі комиссия**») – Палата мүшелерінің Қазақстан Республикасының заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын және Заң консультанттары палатасының стандарттарын, Кәсіби өдеп кодексін, Заң консультанттары палатасының мүшеліктің шарттарын сақтауы жағынан бақылау жасау кезінде;
- Палатаның Тәртіптік комиссиясы – Палатаның мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану туралы мәселелерді шешу кезінде.

2.2. Бақылау жөніндегі комиссия мен Тәртіптік комиссияның сапа бағалауының және өз қызметін жүзеге асыруының рәсімдері, тәртібі олардың қызметі туралы ережелерге сәйкес айқындалады.